

«КОНСТИТУЦИЯ - ҰЛЫ ІСТЕРДІҢ ЖАРШЫСЫ»

«Конституция – ұлы істер жаршысы» атты ҚР Конституциясының 20 жылдығына арналған мерекелік салтанатты шара өтті.

Алдымен сөз алған облыс әкімі Қ.Көшербаев: «20 жылдың ішінде біздің Ата заңымыз тәуелсіз еліміздің тез есейіп, бұғанасы қатпаған балаң күйден өз жолы бар, берекелі Ел дәрежесіне дейін жедел жетілуіне жағдай жасады. Өйткені негізгі заң дүние жүзінің ең озық заңнамалық тәжірибесін қорытып, еліміздің ұзақ мерзімді мақсаттарын ескере отырып жасақталды. Ең бастысы Ата заң далалық дәстүр мен халқымыздың ежелгі өркениетінің шеберханасында шындалып, бір кездегі билер институты, Жеті Жарғы секілді ұлттық дәстүр мен әдеттің ру-

хын бойына сіңірді. Сондықтан да, Қазақстан Конституциясы әлемнің тәжірибесі және төл мәдениетіміз мен әдебімізге арқа сүйейтін заман талабына сай құжат екенін ешкім жоққа шығара алмайды», - дегенді айтты.

Конституция - біздің барлық құқықтық мәдениетіміздің қайнар көзі. Бүкіл Қазақстан халқының қатысуымен талқыланып, қабылданған Конституция өзінің гуманистік ізгілігімен, демократиялық сипатымен және тәуелсіз мемлекетімізді нығайтудағы пәрменділігімен ерекшеленеді.

Салтанатты шарада облыстың дамуына айрықша үлес қосып жүрген азаматтар «Қазақстан Конституциясына 20 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталды.

КӨККЕ ҚАЗАҚ КӨТЕРІЛДІ



Осы уақытқа дейін қазақтың ғарыш саласындағы жеткен жетістігі аз емес. Кешегі Тоқтар мен Талғаттай қаны қазақ кайсар ұлдарының аспан әлемін бағындырғаны тарих бетінен ойып тұрып орын алды. Аспанға тағы бір қазақ ұшуы мүмкін деген хабар тарағанда дұға етпеген қазақ болмаған шығар! Әйтеуір, қазақтың үшінші ғарышкері Айдын Айымбетовтың ғарышқа ұшатыны анық бекітіліп, дайындық жұмыстары да бастала кетті. Осыдан соң, барша қазақтың

тілеуі болса керек, көп кешікпей қазақ даласының төсінен қазақ баласының аспанға ұшу сәтін де тамашаладық. 2 қыркүйекте жерлесіміз «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ресейлік әріптесі Сергей Волков және даниялық Андреас Могенсенмен бірге сәтті ұшырылым жасаған болатын.

«Роскосмос» агенттігі баспасөз қызметінің хабарлауынша, зымыран ұшу жолында кедергіге тап болғанға ұқсайды. Олай дейтініміз, бортында жерлесіміз бар «Союз ТМА-18М» ғарыш кемесі жапон зымыраны-

нан қалған бөлікке соғысып қала жаздаған.

«Союз» кемесінің ғарыш кеңістігіндегі зымыран қалдығымен соқтығыспау жөніндегі шараларды Ресей және АҚШ-тың ұшуды басқару орталығының мамандары бірігіп жүзеге асырған. 1989 жылы ұшырылған жапондық зымыранның қалдығын айналып өткен «Союз» кемесі Халықаралық ғарыш стансына сапарын одан әрі ойдағыдай жалғастыруда. Айта кетейік, Айдын ғарышта 10 күн болады.



КАФЕДРАҒА КӨҢІЛ ТОЛАДЫ

ҚР Президенті Әкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Е.Тоғжанов Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің бас ғимаратында болып, археология және этнография зерттеу орталығының жұмысымен танысты.

Онда Сыр бойында соңғы жылдары жүргізіліп жатқан археологиялық зерттеу жұмыстарының барысына жете мән беріп, табылған жәдігерлермен танысып шықты. Одан соң Тұңғыш Елбасы күніне арналып ашылған «Елбасы және Тәуелсіз Қазақстан» оқу-көрме залын аралады.

Сондай-ақ, білім ордасындағы «Қазақстан

халқы Ассамблеясы» кафедрасында болып, ұжымымен кездесті. Кафедраның атқарып жатқан жұмыстарымен танысып, пікір бөлісті. Алдағы уақытта Президенттің этносаясатын халыққа кеңірек таратудың, жастарға насихаттаудың ғылыми-әдістемелік орталығы осы жерде болуы керек деген ойын айтты. Кафедра жұмысына оң бағасын берді.

Айта кетейік, қоғамдық келісім мен тұрақтылықты нығайтуға бағытталған «Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасы 2014 жылдың жаңа оқу маусымынан бастап ашылды. Кафедраның құрамында тарих, саясаттану, филология ғылымдарының кандидаттары мен магистранттары дәріс береді.

БҮГІНГІ САНДА

САН ҰАТТЫҢ БАСЫН ҚОСҚАН – СЫР ЕЛІ

4-бетте

АҚЫНДАР АБАЙДЫ ЖЫРЛАДЫ

5-бетте

ЖАТТЫҒУДА ЖАҢАРҒАН РЕКОРД

8-бетте

ЖӘРМЕҢКЕ ӨТТІ

Апта басында облыс орталығына Жаңақорған, Шиелі, Сырдария аудандарынан 800 тоннадан астам ауыл шаруашылық өнімдері әкелінді. Нарық бағасынан 15-20 пайызға арзан. Аймақ басшысы Қ.Көшербаев жәрмеңкені арнайы аралап, танысып шықты.



3-бетте



МЕРЕЙ



ТӘРБИЕ БАСЫ - ТАЛ БЕСІК

ИНТЕРНАЦИОНАЛДЫ ОТБАСЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ ӨТТІ



«Тәрбие басы – тал бесік» уақытын тиімді пайдалану деп халқымыз бекер айтпаған. Осы тұрғыда игілікті істерді атқарып, көптеген іс-шараларды ұйымдастырып жүрген «Сырдария аудандық аула клубтары» қоғамдық қоры жасында аудандық ішкі саясат бөлімінің қолдауымен жастардың әрекетіне талап қоя отырып, тәрбиелеу ісін жолға қою мақсатында семинар-тренинг өткізді. Бұл туралы аудан әкімінің баспасөз қызметінен хабарлады.

С.Сейфуллин ауылындағы ауылдық клуб ғимаратында «Жұмыссыз жастардың бос

уақытын тиімді пайдалану және пайдалы кеңестер беру» тақырыбында өткен семинар-тренингке ақ жаулықты аналар, ақылы дария әжелер мен жас келіндер қатысты. Онда күнделікті тәрбие негіздерінен бастап, тәрбие тағылымы туралы кеңінен сөз қозғап, үлкенді сыйлау, асхана заңдылықтарымен де таныстырды.

Қатысушыларға отбасы мүшелерінің өз міндеттері болатыны және оған жауапкершілікпеу қарау қажеттігі түсіндірілді. Өз кезегінде жас келіндер де тез

даярланатын тағам түрлерін әзірлеп, наным-сенім, ырым, салт-дәстүр мен ата дініміздің тәрбиелік маңызынан білімдерін көрсетті.

Аудандық ішкі саясат бөлімінің қолдауымен өткен семинар-тренинг барысында «Сырдария аудандық аула клубтары» қоғамдық қоры «Ыстық ұя» дәстүр мен тәрбие мектебін құру шарасын да ұйымдастырды. Семинардың бұл бөлімінде ауылдағы ұлттық тәрбиенің сан түрлі тарауларына жауапты ардақты жандар бекітілді.

Қазалы ауданында Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығына орай ұйымдастырылған кеште кәріс ұлтының өкілі Юрий Хегай мен өзбек ұлтының өкілі Александр Адилбаевтың отбасы қонақ болды, деп хабарлады аудан әкімінің баспасөз қызметі.

Олар ең алдымен Қазақстанға, оның ішінде қасиетті Қазалы топырағына ата-бабаларының қалай табан тірегенін сөз етті. Бұл екі отбасы да интернационалды отбасылар. Юрийдің келіншегі қазақ қызы Жанат Шорабаева болса, Александрдың жұбайы орыс ұлтының өкілі Вера По-

номорева. Бәрі де қазаки салт-дәстүрді бойына сіңіріп, қазақ тілінде еркін сөйлейді.

Кәріс баласы Юрий көрермендер тарапынан «Сіз ана тіліңізде тілек айттып беріңізші?» деген өтініш-сауалға «Мен өз тілімді білмеймін. Көзімді ашқалы Қазақстанның топырағына табаным тиіп, қазақ тілінде тілім шықты. Біздің сіздерден айырмашылығым тек ұлтымызда болар. Әйтпесе тіліміз мен тілегіміз бір», - деп жауап берді. Көрерменнің қызығушылығын оятқан тартымды шарада түрлі ұлттың әні орындалып, биі биленді.



«КОНСТИТУЦИЯ – ЕЛ БІРЛІГІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМНІҢ КЕПІЛІ»



Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығына орай Қазақстан халқы Қызылорда облыстық ассамблея хатшылығы мен «Қоғамдық келісім» КММ-сінің ұйымдастыруымен облыстық Ө.Тәжібаев атындағы әмбебап ғылыми

кітапханасының мәжіліс залында «Конституция – ел бірлігі мен қоғамдық келісімнің кепілі» атты дөңгелек үстел отырысы өткізілді.

Жиынға облыстық этномәдени бірлестік жетекшілері мен жастар қанатының белсенділері,

облыстық ассамблея жанындағы ғылыми-сарапшылық топ мүшелері, жоғарғы оқу орындарының оқытушы ғалымдары, құқық қорғау органдары және БАҚ өкілдері қатысты. Дөңгелек үстел отырысын «Қоғамдық келісім» КММ директорының орынбасары А.Жұмабаев жүргізді.

Облыстық ғылыми-сарапшылық топ мүшесі, Қазақстан саясаттанушылар конгресінің облыстық филиалының директоры Н.Жәлиев «Қазақстанның Конституциялық дамуы», Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-ң «Құқықтану» кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының кандидаты Е.Алтаев «Қазақстан Республикасының Конституциялық құқықтық мәртебесі», Қызылорда қалалық прокурорының көмекшісі Р.Бақбергенов «Қазақстан Республикасының Конституциясы

және прокуратура қызметі», Қорқыт Ата атындағы ҚМУ доценті, заң ғылымдарының кандидаты, облыстық ғылыми-сарапшылық топ мүшесі М.Жүсіпбекова «Роль Конституции РК в обеспечении мира и общественного согласия», «Болашақ» университетінің аға оқытушысы, тарих ғылымдарының кандидаты С.Токболатұлы «Қазақстандағы Конституционализм: тарихи ретроспектива және қазіргі кезең» тақырыптарында баяндама жасады. Философия ғылымдарының докторы Б.Қожамберлиев, тарих ғылымдарының докторы Ө. Қожақов және басқа қатысушылар өз ой-пікірлерімен бөлісті.

Дөңгелек үстелді Қазақстан халқы облыстық ассамблеясы хатшылығының бас инспекторы А.Сағымбай қорытындылады.



КОНСТИТУЦИЯ КҮНІ КЕҢ, КӨЛЕМДІ ТОЙЛАҒАДЫ



Бұл жыл – қазақ елі үшін, сан мыңдаған ұлттар мен ұлыстардың тағдырын бір арнаға тоғыстырған Қазақстан халқы үшін елеулі оқиғаларға толы жыл болды. Себебі еліміздің басты саяси құжаты, арайлы азаттығымыздың айғағы, дамуымыздың тұрақты кепілі – ҚР Конституциясының

қабылданғанына және бірлік пен ынтымақтың ұйытқысы, келісім мен өзара түсіністіктің үлгісі – Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 20 жыл толып отыр. Қазақ елі тарихында алтын әріптермен жазылған айтулы күн қарсаңында А.Тоқмағамбетов атындағы

Мәдениет үйінде ішкі істер органдарының ардагерлері, департамент басшылығы, жеке құрамның және қонақтардың қатысуымен мерекелік шара болып өтті. Салтанатты шара Қазақстан Республикасының Әнұраны ырғағымен ашылып, ҚР Ішкі істер министрі

полиция генерал-полковнигі Қ.Қасымовтың арнайы құттықтау жеделхаты оқылды.

Қызылорда ОИД бастығы Жанат Сүлейменов сөз алып, жиналған қауымды қатар келген қос мерекемен құттықтап, «Конституция күні» мерекесінің полиция қызметкерлері үшін маңыздылығын ерекше атап өтті.

Бұдан кейін, шара барысында Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаевтың 2015 жылғы 5 тамыздағы Жарлығы ресми түрде оқылып, Елбасының жарлығымен Ата заңымыздың ұлықтығын қамтамасыз етіп, елдің тәуелсіздігін, Қазақстан қоғамындағы келісім мен тұрақтылықты нығайтуға, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғауға қосқан үлесі үшін ішкі істер департаментінің бірқатар басшылары «Қазақстан Конституциясына 20 жыл» мерекелік медалімен наградталды.

Сонымен қатар, Ішкі істер министрлігінің және облыстық ішкі істер департаменті бастығының мерекелік марапаттау жайлы бұйрығы жеке құрамға таныстырылып, қызметте

кәсіби біліктілігінің арқасында жақсы көрсеткіштерге қол жеткізген, қызметтік міндетін қажырлы әрі адал орындаған ішкі істер органдарының 8 қызметкері – ІІ дәрежелі «Ішкі істер органдарының үздігі» төсбелгісімен, 15 қызметкері – Құрмет грамотасымен, 19 қызметкері – Грамотамен, 20 қызметкер – Алғыс хатпен марапатталса, 34 қызметкерге алғыс жарияланды.

Салтанатты жиын соңы концерттік бағдарламаға ұласты. Марапат иелерінің, жалпы жиналған қауымның құрметіне әуелетіп ән айтылып, күмбірлетіп күй тартылып, мың бұралған билер биленді. Сонымен қатар, шара барысында жиынға қатысушы қонақтар, кәріс этномәдени бірлестігі төрайымының орынбасары Шин Вилорий Николаевичтің, славян қоғамдық-мәдени бірлестігі төрайымының орынбасары Данилина Татьяна Николаевнаның құттықтау сөздері, жүрек жарды лебіздері де тыңдалды.

Қызылорда ОИД баспасөз қызметі.

ЖӘРМЕҢКЕ ӨТТІ

Титов мөлтек ауданында Сырдария ауданының ауыл шаруашылық жәрмеңкесі жайылды. Сырдариялықтар арзан бағада қала тұрғындарына көкөніс, бақша, ет, балық және сүт өнімдерін ұсынды. Айта кетейік, жәрмеңкеге биылғы егістің өнімдері әкелінді. Таңменен халықтың да көп жиналғаны сондықтан. Жаңақорғандықтар «Тағзым алаңында» тұрғындарға сапалы өнім ұсынды. Аудан шаруашылықтары қаланың әлеуметтік жағдайы төмен 30 отбасына ауыл шаруашылық азығын көмек ретінде тегін берді.

Тасбөгет кентіндегі жәрмеңкенің шырайын шиеліліктер кіргізді. Әсіресе, мұнда қауын-қарбызға сұраныс жоғары болды. Картоп, жуа, сәбіз секілді өнімдерді «қыс

қамын жаз ойлаған» тұрғындар таласа алды.

Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасары Ғалымжан Сопбековтің айтуынша, аудан жәрмеңкеге 28 млн. теңгенің өнімін әкелген. Сондай-ақ, ол аудандағы ауыл шаруашылығының дамуы жөнінде біраз мағлұмат берді.

- Аудан бойынша 2015 жылы 29 070 гектар жерге ауылшаруашылығы дақылдарын егу межеленіп, нақты 31 941 га егіліп, 109,8 пайызға артық орындалды. Биылғы жылдың егісін орналастыруда Елбасы жолдауында айтылғандай, суды көп қажет ететін күріш дақылдың көлемін 400 гектарға қысқартылып, майлы және мал азығын дақылдардың көлемін ұлғайтуға үлкен мән берілді. Ауданда егін шаруашылығын әртараптандырудың, оның ішінде картоп, көкөніс, майлы және мал

азығын дақылдар егісінің көлемін ұлғайтуға бетбұрыс жасалды. Майлы дақылдардың көлемін межеден 2708 гектарға, немесе 3 есеге, жоңышқа дақылын 1730 гектарға, немесе 111 пайызға егіс көлемі ұлғайтылды. Биылғы жылы 126 гектар жеміс-жидек, 10 гектар қызанақ, 25 гектар картоп, көкөніс дақылдарын тамшылатып суару технологиясымен егілді, - деді ол.

Бүгінгі күні Жаңақорғанда 3 шаруашылықтың жылыжайында, жер көлемі 0,97 гектар қияр, қызанақ дақылдары егіліп, өнімдері жиналып, нарыққа шығарылуда. Сонымен бірге «Байқоңыр» ӘӨК-ның «Қызылорда қаржы компаниясы» мекемесімен, облыстық азық-түлік қорына тұрақтандыру мақсатында 4 шаруа қожалығы фьючерлік келісімдер жасалған. Бұл шаруашылықтар 25 млн



теңге қаржы алып, тамшылатып суару технологиясымен картоп, көкөністер егіп, осы қорға 300 тонна картоп, 100 тонна жуа өндіріп өткізуді жоспарлап отыр.


Ауданда репродуктор-шаруашылықтардан «Ынтымақ» ЖШС, «Ақсеңгір» және «Бақытжан» асыл тұқымды қой шаруашылығы болса, мүйізді ірі қарадан «Мырзабай» сүт бағытындағы әулиеата тұқымдас, екіншісі «Бақытжан» шаруа қожалығында ет бағытындағы ақ бас тұқымдас мал өсіріледі. Олардан жыл сайынғы алынып отырған асыл тұқымды төлдері аудан бойынша жоғары сұраныстарға ие болып отыр. Сонымен қатар, 9 мал бордақылау аландары мен 7 мал сою аландары тиісті ветеринариялық бақылаушы орындардан арнайы сертификатын алып қажет кезінде жұмыс жасауда. Аудан бойынша өткен 2014 жылы мал өсіруші шаруалар мемлекеттен 383

млн. теңге субсидия алса, биылғы 2015 жылы 400 млн теңге субсидия алады деп жоспарлануда.

Сондай-ақ, ауданда «Сыбаға» мемлекеттік бағдарламасымен айналысатын шаруашылықтардың саны жыл сайын артып келеді. Өткен 2014 жылы 87 шаруашылық болса, 2015 жылы 100 шаруашылыққа жетеді деп күтілуде. Биылғы 2015 жылы пайдалану мерзімі аяқталмаған 118 бас бұқа есепте және осы бағдарламаға жаңадан шаруашылықтар кірісіп барлығы 144 бас асыл тұқымды бұқалар сатып алынып, аудан бойынша 262 бас асыл тұқымды бұқа 7860 бас аналық сиырларымен селекциялық асылдандыру жұмыстары қолға алынады. Бұл көрсеткіш жыл басындағы 18 715 бас қашырым контингентінің 42 пайызы болып отыр.

АЖ-ақпарат.





ҚОҒАМ



САН ҰЛТТЫҢ БАСЫН ҚОСҚАН – СЫР ЕЛІ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жарлығымен 2015 жыл Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы болып жарияланғаны көпшілікке белгілі. Сан ұлт өкіліне сая болған қазақ жері барша ұлттың, ұлыстың басын қосқан киелі шаңырақ екені шындық. Ассамблея жылының басты идеясы «Менің елім – Мәңгілік ел» ұғымына негізделініп жасалған. Бұл идея біздің халқымызды біріктіретін және «Қазақстан 2050» стратегиясының іргетасын қалап, «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» жолдауында көрсетілген басты құндылықтарды негізге алады. Бұл жыл – жері мен тілегі бір, арманы мен тілегі бір, бүгіні мен болашағы бір – Қазақстан халқының ауызбіршілігін арттыра түсетін жыл болмақ.

Қазақстан Халқы Ассамблеясының 20 жылдығы республика көлемінде жоғары деңгейде тойланып келеді. Өз кәсібінің майталманы саналатын өзге ұлт өкілдері Қазақстанның татулықты ту еткен, бірлігі мен ынтымағы жарасқан ел екендігін жиі айтып жүр. Тіпті, кейбірі «мен - Қазақпын», «Қазақстан – менің отаным» деп мерейімізді тасытудан кенде емес. Мұны өзге ұлт өкілдерінің бір шаңырақ астында 130-дан астам ұлтты айрандай ұйытып отқан қазақ халқына айтқан алғысы деп қабылдағанмыз жөн.

Сәрсенбі күні Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің Студенттер сарайында облыстық ассамблея хатшылығының ұйымдастыруымен ҚР Президенті Әкімшілігінің Қазақстан халқы Ассамблеясы Төрағасының орынбасары – Хатшылық меңгерушісі Е.Л. Тоғжановпен кездесу болып өтті. Кездесу Студенттер сарайының фойесінде орналасқан кітап көрмесінен бастау алды. Шараға жиналғандар ассам-

блея тақырыбы арқау етілген мақала мен кітаптармен танысты. Дөңгелек үстелде өрбіген кездесуді облыс әкімінің орынбасары Р.Кенжеханұлы жүргізді.

Шараға «Нұр Отан» партиясы төрағасының бірінші орынбасары, облыс прокуратурасы, қалалық мәслихат, этномәдени бірлестік жетекшілері, облыстық ассамблея жанындағы қоғамдық келісім, ғалымдар, толеранттылық клуб жетекшілері, үкіметтік емес ұйымдар мен бұқаралық ақпарат өкілдері қатысты.

Кездесу барысында Е.Л.Тоғжанов барша қатысушыларды Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығымен құттықтап, жыл басынан бері Ассамблея аясында республика көлемінде атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Елбасымыз Н.Назарбаевтың Ұлт жоспары «100 нақты қадам» ұлттық идеясы, 5 институционалдық реформасының мазмұнын ашып, 4-ші «Біртектілік пен бірлік» бағытына ерекше тоқталып өтті.

Жалпы, Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 1995 жылы 1 наурызда әлемде теңдесі жоқ, бірегей құрылым Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылды. Бұл консультативті-кеңесші органның міндеті мемлекет пен азаматтық қоғам институттары арасындағы әріптестік негізде этностар мүдделерін үйістіруді қамтамасыз ету. Тиімді этносаралық іс-қимылды жүргізу, біртұтас саяси, құқықтық, мәдени орта қалыптастыру болып белгіленді.

Биылғы жылы құрылғанына 20 жыл болған Қазақстан халқы Ассамблеясы мемлекеттік ұлттық саясаты жүзеге асырудың қуатты құралы екендігін іс жүзінде дәлелдей білді. Яғни, мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың сөзімен айтар болсақ, «Бүгінде ассамблея – тұрақтылық пен



қоғамдық келісімнің сенімді, берік іргетасы».

Әлемнің 47 мемлекетіне таралатын «Достық. Дружба» журналы, 4 телеарнадан тұрақты түрде шығатын 5 телебағдарлама мен 8 радио бағдарлама, 9 республикалық басылымдағы 22 тұрақты айдар, Қазақстандағы түрлі этностардың тілінде жарық көретін 37 мерзімді баспасөз. Осының барлығы қоғамдық келісім мен бейбітшілікті насихаттаудың қуатты құралы.

Шара барысында, Қазақстанда 820 этномәдени бірлестік жұмыс жасайтыны және Ассамблея мен этномәдени бірлестіктердің активы 67 мыңнан астам адамды қамтитыны айтылды. Қазіргі таңда, еліміздің барлық аймақтарында түрлі деңгейдегі 1035 қоғамдық келісім кеңесі табысты жұмыс жасайды.

Сонымен қатар, жиналған қауым ассамблеяның жұмысын жандандыруда Сыр елінің үлес салмағы мол екендігін айтты. Атап айтсақ, облыста 35-тен астам ұлт пен ұлыс тату-тәтті өмір сүруде. Ассамблея алғаш құрылған шақта аймақта 4 этномәдени бірлестік жұмыс жасаса, бүгінгі күні 11 этномәдени, 3 этнобағыттағы бірлестіктер Сыр өңірінің руханиятының өркендеуіне өз үлесін қосып келеді. Ассамблея жылы аясында жүзеге асырылған «Қазақстан халқы Ассамблеясы – 20 игі іс» қайырымдылық шаралары-


на облыс жұртшылығы барынша атсалысты. Береке мен бірліктің символы – «Тайқазаны» қайырымды істермен толықты. Игі істер эстафетасы аясында 95 шара ұйымдастырылып, 13 409 адамға қайырымдылық жасалды. 8 000 адамға медициналық көмек берілді. Барлығы 40 млн. 177 мың 120 теңгенің көмегі көрсетілген. Ассамблеяның 22-сессиясында сөз алған 16 адамның 4-еуі жерлесіміз болатын. Бұл біз үшін зор қуаныш еді.


Ұлы Отан соғысының ардагерлері мен тыл ардагерлеріне арналған «Асар» республикалық әлеуметтік ынтымақтастық қамқорлық акциясы аясында 92 шара өткізіліп, ардагерлерге 93 млн. 091 мың 676 теңгенің көмегі көрсетілген. Облыста Қазақстан халқы Ассамблеясы жылына арналған көпшілік шаралардың облыстық желілік кестеге сәйкес – 759 шара, Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы

аясындағы облыстық іс-шаралар жоспары мен атаулы мерекелік шеңбер көлемінде – 1 701 шара өткізілгендігі шара барысында сөз болды. Айта кететін жайт, бұл шаралардың барлығының мақсаты – ортақ, мүддесі – біреу. Ол – еліміздің этносаралық татулық пен қоғамдық келісін нығайту, Мәңгілік елдің – мәңгілік мұратын – бірлікті сақтау болып табылады.

Және де, қатысушылар толеранттылық, үш тұғырлы тіл дамыту, бірлік, ынтымақтастық тақырыптарын аша отырып, Ассамблеясының ролі мен маңыздылығы, тарихи қалыптасуы мен қоғамдағы орны жайында сөз қозғады. Жиын соңында Е.Л.Тоғжановқа облыс әкімінің орынбасары Р. Кенжеханұлы өңіріміздің атынан сыйлық табысталды.

Рыскелді ЖАХМАН





АҚЫНДАР АБАЙДЫ ЖЫРЛАДЫ

Қазақ үшін айтулы мерекелердің бірі – Абай Құнанбаевтың 170 жылдық мерейтойы. Осыдан тура жиырма жыл бұрын ұлы ақынның 150 жылдық тойы ЮНЕСКО көлемінде тойланған болатын. Ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған бірқатар іс-шаралар елімізде жылдың басынан бері өткізіліп келеді. Ең алғаш ақынның туған жері Шыңғыстау бөктерінен бастау алып, республиканың түпкір-түпкірінде кең көлемде аталынып өтуде. Осындай игі іс-шаралардың бірі Сыр өңірінде жалғасын тапты. Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы, «Жас Отан» корпоративтік қоры және қалалық кітапхананың қолдауымен А.Құнанбаевтың 170 жылдық мерейтойына орай «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» атты облыстық жас ақындар мүшәйрасы болып өтті.

Ұлы Абайдың рухын асқақтату және мемлекеттік тілдің мәртебесін көтеру мақсатында ұйымдастырылған жыр мүшәйрасына 14-25 жас аралығындағы талабы таудай, өнерін өрге домалатқан 18 өнерпаз қатысты. Жас ақындардың талантын шыңдап, шығармашылығының шарықтауына себепкер болатын мүшәйраға республикалық «Халық» газетінің тілшісі Айгерім Нажмадин, «Қазақстан-Қызылорда» телеарнасының тілшісі, ақын Толқын Қабылша және қазылар алқасының төрағасы ақын, ҚР Журналистер Одағының мүшесі, республикалық «Әлімсақ» журналының бас редакторы Нұрлан Көбегенұлы сынды сөз зергерлері әділқазылық етті.

Мүшәйраның алғашқы сөз кезегін ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Еркебұлан Қайырбекұлы алып, жас ақындарға сәттілік тіледі. Сонымен қатар, Е. Қайырбекұлы мұндай ауқымды іс-шаралар легі жылдың аяғына дейін жалғасатынын айтты.

Бірнеше сағатқа созылған жыр мүшәйрасының жүйріктерін анықтау қазылар алқасына да оңай болмағанға ұқсайды. Олай дейтініміз қазылар алқасының төрағасы Н.Көбегенұлы жыр жарысының жоғары деңгейде өткендігін тілге тиек етті. Және де, мүшәйрада жаңа есімнің барын қуанышпен жеткізді. Ұлы Абай ақынның болмысын өлеңмен өрнектей білген №91 мектептің 11-сынып оқушысы Елнұр Нұрқасым 3 орынға лайық деп танылса, қазалылық Дина Бөкебай 2 орынды иеленді. Ал, мүшәйраның бірінші орынын өзгелерден гөрі өлеңі өткір шыққан Биболат Сәтжанов еншіледі. Сонымен қатар, шиелілік Бекжан Ержігіт, Рыскелді Жахман және қазалылық Сәулет Алдасберген сынды жас ақындар мүшәйраның ынталандыру сыйлығына ие болды. Байқау жеңімпаздары басқарма тағайындағын диплом мен арнайы сыйлықтармен марапатталды.

АЖ-ақпарат

МАДАҚ

(А.Құнанбайұлына арнау)

Адаланғанда әлемнен
Абаған көрген асылым,
Сарлыққа біткен гүжімдей тұрпатыңа қарап тасыдым!
Ойдан жалыққан кезеңім жертабалаған кездерде,
Жетелігіме күш салып,
жасығаным да жасырын.

Мезеден қаны тамшылап,
Мезгілін күткен сансырап,
Санамды түткен жылнама
Бұл күнде керек кімге, аға?
Мылқауды ұққан керендей ғапылдық қылса тұл ғалам,
Қасіретімді бұлдаман!

Қарақтап қасаң үгітке,
Қапталғы ел соны біліп пе?
Жиырма түндікті жұратта,
Жұртым бар қарар үмітпен,
Жерқылаң мінген жігітке.

Ғазаты көріп тағдырдың,
Ғасырмен өлшеп әр демін,
Күбіріннен ғазал бүрлеттің,
Күйігінмен оны әрледің.
Жарадар рухым сол еді,
Жансауға қылар қорегім,
Бұл ділсіз, мұңсыз дәуірге дабылгер болар дәрменім.

Ағаттан құнды сөз барда,
Ақыттан асыл жырларда.
Аспани мұндай тап-таза,
Аймаңдайлы аруға,
Ағылып айтқан сырларда.
Ақ ала жылқы шұбалған.
Ақ отты сонау қырларда.
Азғантай ғана алаштың,
Бағына біткен ақынның,
Ағалдан ада есімін.
Айбынданып тұрғанда,
Алғаят қылған ұлтым бар,
Ұлылығыңнан нұрланған!

Биболат СӘТЖАНОВ

ТАУ ТҰЛҒА

Сыр аңдаймын тапқырлықтан төр бесмес,
Ұғардаймын атақ алды елден кеш.
Бұл қазақтың бар ақынын жинасам,
Құнанбайдың Абайына тең келмес.

Азаптарды ақылымен басатын,
Азат таңы қадірлейді аса тым.
Байтұрсынов байламына тоқталсақ,
«Қазақтағы Құнанбаев бас ақын»

Құрамаймын тау тұлғаға жыр қашан?
Тұралаймын ақылыңсыз мұңға сан.
Құламаймын тұғырымнан төменге,
Ұлы Абайдың қара сөзін тыңдасам.

Музасы нық ағартушы құт қонған,
Қараңғыдан қара елді құтқарған.
Жиналып ап жырласақта мың ақын,
Біз асырып жаза алмаспыз Мұхтардан.

СӨЗ
ПАТШАСЫ



Әр өнерден қалдырған мол сан мұра,
Мәрелерден жүйрік келді таң қыла.
Қара сөздің қасиетін ұғынып,
Қара өлеңнен қара салмас алдына.

Ағиыққа бәрін жауып жаланың,
Жиылып ап ұлы ақынды сабадың.
Сабап жүрген сол адамдар сезбепті-ау,
Тарихта қара бет боп қаларын.

Сұрланармын түнім өтсе тағы айсыз,
Бұлданармын келешегім арайсыз.
Төрт құбылаң түгелденіп тұрғанмен,
Бұл қоғамның алаңы көп Абайсыз...

Бекжан ЕРЖІГІТ

ЕСІМДІ АҚТАУ НЕМЕСЕ АҚЫННЫҢ ЖАСЫ

Халық – құдай, Құдайға бар не шамаң?!
Көңілімде, көзімде жоқ еш алаң.
Аялдама, автобусқа отырдық,
Пірімовтың көшесінен бес адам.

Жақыным деп, айта алмаймын жатым деп,
Таныс жандар сөз бастады жақын кеп.
- «Абай қойдық жалғыз ұлдың есімін,
Кім еді сол...жазушы ма ед, ақын ба ед?!»

- Ә, Абай ма, оны мен де білермін,
Балам жырын жаттап отқан түнеу күн.
- Малы бардың атағы бар, жо-жоқ, - деді бір дауыс,
Абай деген баласы бай біреудің.

Ашу қысып, миым бір сәт соққы алды,
Сөндіргендей кеудеден бар оттарды.
Ал қырт орыс «Пушкинімнің қасында
Абай деген ешкім емес!» деп қалды.

Өлең жоқтап тұрған шығар иесін,
Қожанасыр көрмегендей түйесін,
Қайран, таныс, аттап кете бардың-ау,
Қасиетті қара сөздің киесін...!

Қасиетінді, өлең, қалай қайтарам,
Абай жайлы жалғыз ауыз айта алам:
Абай деген бір-ақ адам өмірге,
Жылап келіп, жылап кеткен қайтадан!

Тым алысқа, биік бастап жыр көшін,
Қабыл көрмей елдің үлде-бүлдесін,
Абай деген, Абай деген...бір кезде
Серпіген жан надандықтың түрмесін!

Жыр көзесі онсыз, сірә, толмаған,
Бұл қазақта кімдер ақын болмаған!
Ханның емес, жайын ұққан қараның,
Абай деген – соңғы қазақ, соңғы адам!

Бұл Абайсыз қай қиырға асып ек,
Оны білмеу – адамзаттық қасірет!
Қорғасындай қара өлең тұр өзекте,
Сол Абайдың жалғыз түйір жасы боп...

Бар қайғыны жүрсе-дағы өткеріп,
Хас жауына жіберді ме көп теліп.
Қазақ үшін қан жалаған Абайға,
Көбі кетті ат орнына оқ беріп.

Түсінбеген, түсінбеді – өшеді ел,
Жасты уыстап тұрмын мұңды еселер.
Ар үшін де, бәрі үшін у татыған,
Мен сұраймын ғасырымның атынан,
Уа, ұлы Абай, кешіре гөр! Кеше гөр!
Уа, ұлы Абай, кешіре гөр! Кеше гөр!

Дина БӨКЕБАЙ



ӨЗІНЕ-ӨЗІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

Еліміздің барлық аймағында «Өзіне- өзі қызмет көрсету секторы» құрылып, жұмыс атқаруда. «Өзіне- өзі қызмет көрсету секторы» құрылуының негізгі мақсаты мемлекеттік электронды қызметтерді, электронды сандық қолтаңбалары арқылы өз беттерімен алу мүмкіндігі және азаматтарды қызметкерлермен ЭҮП (электронды үкімет порталы) жұмыс қағидаттарымен жұмыс жасауға үйрету және кеңес беру болып табылады. Бұл шара кез-келген қызмет алушы күнде үйінен шықпай-ақ мемлекеттік бажды, салықтарды, жол ережесінің тәртібі бұзғаны үшін айыппұлдарды, коммуналдық қызметтерді төлеуге, кез-келген қажетті анықтамалар алуға және т.б. мүмкіндік береді.

«Connection Point» секторының арқасында компьютермен жұмыс істей алмайтын азаматтар ХҚКО-да өз беттерінше «электрондық үкімет» порталы арқылы қызмет алуды және пайдалануды үйренеді. Бұл өз кезегінде үйден шықпай –ақ барлық мемлекеттік қызмет түрлерін «электрондық үкімет» порталы арқылы алуға мүмкіндік береді.

Бүгінгі күні «Connection Point»- өзіне- өзі қызмет көрсету секторы ХҚКО –ның ажырамас бөлігі болып табылады. Бұл сектор арқылы азаматтар электронды сандық қолтаңбасы (ЭЦҚ) болған жағдайда немесе жаңа үлгідегі жеке куәлігінің көмегімен «электрондық үкімет» порталының барлық қызметтерін пайдалану мүмкіндігі бар. Азаматтар осы жүйенің көмегімен мемлекеттік электрондық анықтамалар алуға, некені тіркеуге электрондық өтініш беруге, сәбиін балабақша кезегіне қоюға, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеуге, коммуналдық төлемдер төлеуге және бұдан басқа да көптеген қызмет түрлерін ала алады. Сонымен қатар, ХҚКО қызметкерлері «Connection Point»-та «электрондық үкімет» порталының мүмкіндіктері, төлем шлюзі және ЭЦҚ-ны қалай алуға болатыны туралы кеңестер беріледі.

«Connection Point» өзіне-өзі қызмет көрсету секторының кеңесшілері сіздерге компьютерлік оқуды өткізуге практикалық көмек және кез-келген кеңес беруге дайын, нақтырақ ҚР «электронды үкімет» порталының мүмкіндіктерінің тануға көмектесуге дайын.

С.ТУРЕМУРАТОВ,
Жалағаш аудандық бөлім инспекторы

БАЛА ТУҒАНДА БЕРІЛЕТІН ЖӘРДЕМАҚЫ

Әлемдік статистикалық деректер бойынша біздің өмірімізде күнделікті шамамен 400 мыңға жуық бала дүние есігін ашады екен. Бұл қызық деректің өзіндік ерекшелігі де жоқ емес. Өмірге келген сәбиге қазіргі таңда мемлекет пен біздің тарапымыздан қандай көмек қолы созылуда? Өртүрлі атқарушы органдарға жүгіру, оның табалдырығын тоздырып, қажетті анықтама алу үшін неше мәрте барудың шешімін қазіргі таңда үйде отырып немесе «бір терезеден» алу мүмкіндігі туралы ата-аналар хабардар ма? Балаға туғанда тағайындалатын жәрдемақылар туралы не білеміз? Оны тағайындау ерекшеліктері қандай деген сұрақтарға жауап беріп көрсек. Ол үшін келесі қызметті талқылап көрейік. Ол - «Бала туғанда берілетін және бала күтімі бойынша жәрдемақыларды тағайындау» мемлекеттік қызметі.

Көрсетілетін қызметті қолдану үшін қызмет алушы өзіне жақын орналасқан Халыққа қызмет көрсету орталығына 1) жеке басын куәландыратын құжат (оралмандар үшін - оралман куәлігі); 2) баланың туу туралы куәлігі немесе тууы туралы актілік жазбадан үзінді көшірме; 3) тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжат; 4) жәрдемақыларды беру жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банк шотының нөмірі туралы мәліметтер бар құжаттарыңызды алып келіп, өтініш толтыру қажет.

Ал егер қызмет алушының электронды сандық қолтаңбасы (ЭСК) болған жағдайда, www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы да жәрдемақыны тағайындау туралы хабарламаны алуға болады. Қабылдау алдын ала жазылусыз және «электрондық кезек» тәртібінде жүзеге асырылады. Қызмет алушының қалауы бойынша портал арқылы электрондық кезекті «броньдауға» да болады.

Қызмет алушы жәрдемақы туралы хабарламаны тегін және 7 жұмыс күні ішінде ала алады. Егер бұл қызмет жайлы толығырақ кеңес қажет болса, бірыңғай байланыс орталығына 1414 қоңырау шалуға болады. Байланыс республика аумағында тегін.

С.САЙРАНОВА,
Жалағаш аудандық бөлім инспекторы

Мүгедек баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) жәрдемақы тағайындауға алғаш рет жүгінген жағдайда – Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі Мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруды бақылау және халыққа қызмет көрсету орталықтарының қызметін үйлестіру комитетінің «Халыққа қызмет көрсету

мемлекеттік қызмет ЗТМО-ға немесе ХҚО-ға қосымша құжатты (құжаттарды) ұсынған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде көрсетіледі. ЗТМО өтініш берушіні 5 (бес) жұмыс күні ішінде қосымша құжаттарды ұсыну қажеттігі туралы хабардар етеді; ЗТМО немесе ХҚО жіберген қателер анықталған кезде – 5 (бес) жұмыс күніне, бұл ретте, егер құжаттар жете ресімделсе, мемлекеттік қызмет олар жойылған күннен ба-

рап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) жәрдемақы (бұдан әрі – жәрдемақы) тағайындау туралы хабарлама.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.

Қабылдау алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз «электрондық кезек» тәртібінде жүзеге асырылады.

көрсетілетін қызметті

ҚАМҚОРШЫҒА ЖӘРДЕМАҚЫ ТАҒАЙЫНДАУ

орталығы» шаруашылық жүргізу республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – ХҚО) арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:

1) көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың топтамасын ЗТМО-ға, ХҚО-ға тапсырған сәттен бастап – 10 (он) жұмыс күні;

ұсынылған құжаттың (құжаттардың) дәйектілігіне күмән туындаған не қосымша құжат (құжаттар) сұратылған кезде – 30 (отыз) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде, бұл ретте, егер құжаттар жете ресімделсе,

стап 10 (он) жұмыс күні ішінде көрсетіледі;

2) көрсетілетін қызметті алушы жүгінген күні сол жерде мемлекеттік көрсетілетін қызметті алғанға дейін кезекте күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты ЗТМО-да бір қызметті алушыға қызмет көрсетуге 20 минуттан асырмай есептегенде, кезектегі адамдардың санына байланысты, ХҚО-да – 15 минут; ХҚО-да – 15 минут.

Көрсетілетін мемлекеттік қызмет нысаны – қағаз түрінде.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – мүгедек баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асы-

алушының тегі, аты, әкесінің аты, көрсетілетін қызметті алушы өкілінің тегі, аты, әкесінің аты және олардың байланыс телефондары көрсетілген қолхат беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, ХҚО қызметкері құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Н.СУЛЕЕВ,
Жалағаш аудандық бөлім инспекторы

ДЕРЕКТЕР ҚОРЫНАН АНЫҚТАМА БЕРУ

Адам баласы мына зымырап жатқан уақытта заман ағымынан қалмай тірліктерін істеп жатады. Бірі бизнес саласына қадам басып, өз кәсіпорнын ХҚКО – ларға келіп тіркеп жатса, бірі бизнес әлемінен кері келіп, мемлекеттік қызметке қадам басып жатады. Дәл осы тұрғысында ХҚКО мен электронды үкімет порталы сіздің басты көмекшіңіз болады.

«Занды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықтама беру қызмет түрі өте ауқымды. Себебі, дәл осы мемлекеттік қызмет түріне жүгіне отырып сіз өзіңізге қажетті бір емес бақандай он анықтаманы қажетіңізге қарай ала аласыз. Атап айтсақ:

1) тіркелген заңды тұлға, филиал немесе өкілдік туралы;

2) заңды тұлғаның филиалдары мен өкілдіктерінің бар екендігі туралы;

3) заңды тұлғаның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы;

4) жеке тұлғаның заңды тұлғаларға, филиалдар мен өкілдіктерге қатысуы туралы;

5) заңды тұлғаны әрекетсіз

заңды тұлға деп немесе оның қатысушыларын әрекетсіз заңды тұлғаларға қатысы бар деп тану туралы;


6) құрылатын заңды тұлғаның атауы тіркелген шаруашылық субъектінің атауымен сәйкес келуі туралы;

7) заңды тұлғаның барлық тіркеу іс-әрекеттері туралы;

8) көрсетілген мерзімге заңды тұлғаның тіркелгені туралы;

9) құрылтай құжаттарына соңғы толықтырулар мен өзгерістердің енгізілгені туралы;

10) заңды тұлғаның үлесіне салынған ауыртпалықтар (тыйым салу) туралы; анықтамаларды жеке куәлігіңізді көрсету арқылы ХҚКО – ға жүгіну арқылы ала аласыз.





АТА ЗАҢҒА АРНАЛҒАН МАРКА



«Қазпошта» АҚ Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығына арналған марканы пошталық айналымға енгізгені туралы хабарлайды.

Марканы бастыру салтанаты Конституциялық Кеңес ғимаратында өтті. Іс-шараға «Қазпошта» АҚ басқарма төрағасы Бағдат Мусин және Конституциялық Кеңестің төрағасы Игорь Рогов қатысты.

Бұл марка «Естелік және мерейтойлық даталар» сериясында шығарылған. 4 бояулы офсетті баспа, перфорациясы жоталы. Шығарылым түрі – марка-

лы парақ. Парақтың өлшемі 130 x 108 мм. Марканың өлшемі 26 x 36 мм. Парақта 8 (сегіз) марка. Пошталық марканың номиналы – «А» литерасы (112 теңге) – заңды тұлғаларға арналған Қазақстан Республикасы аумағында жер үсті көлігімен 20 граммға дейінгі салмақта қарапайым хаты жіберу тарифіне сәйкес келеді. Таралымы – 5 000 дана. Суретші Қ. Ибрайшин. Пошталық марка «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Банкнот Фабрикасы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорнында басып шығарылды.

«АТА ЗАҢ – МЕМЛЕКЕТТІҢ БАСТЫ ТҰҒЫРЫ»

Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығын мерекелеу және өткізу жөніндегі аудандық іс-шаралар жоспарына сәйкес аудандық ішкі саясат бөлімі, «Жастар ресурстық орталығы» КММ Жалағаш аудандық бөлімі және Жалағаш ауданы жастарының «Темірқазық» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен Ала-месек ауылдық округінің мәдениет үйінде дөңгелек үстел болып өтті. Бұл туралы аудан әкімінің баспасөз қызметінен хабарлады.

«Ата Заң – мемлекеттің басты тұғыры» тақырыбында өткен дөңгелек үстелге Еңбек, Жаңадария,

Ала-месек ауылдық округі жастары қатысты. Еліміздің өсіп-өркендеуі, әлеуметтік-экономикалық дамуы, азаматтық құқық пен адам еркіндігін қамтамасыз ететін заңдар мен заңнамалары сөз болған шараны «Жастар ресурстық орталығы» КММ Жалағаш аудандық бөлімі басшысы Е.Бакбергенұлы ашып, атаулы мерекенің маңызын айтты. Еңбек ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы Ж.Айтбаева жастар арасындағы жұмыссыздық және оны шешу жолдары туралы ұсыныстар айт-

ты, ал студенттер «Серпін» бағдарламасының жеңілдіктері мен пайдасы тұсында өз пікірлерін ортаға салды, ұсыныстар мен пікірлерін айтып, мемлекеттік жастар саясатының жүзеге асырылуына оң көзқарастарын білдірді.

Шара соңынан өнерпаздар патриоттық әндер шырқап, жиылған жастардың көңілін көтеріп тастады. Отаншылдық ол - Ата Заңды ардақтаудан басталады және Ата Заңды ардақтаумен жалғасады. Ендеше әр азамат пен азаматша отаншыл және патриот болуға тиіс.



«ТАТУЛЫҒЫМЫЗ ЖАРАСҚАН»

Қазақстан халқы Қызылорда облыстық ассамблеясы хатшылығының «Сыр елі – достық мекені» атты ақпараттық-насихаттық

тобы 2015 жылдың 19 тамызында Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бес институционалдық реформасын

түсіндіру мақсатында «Татулығымыз жарасқан» тақырыбымен өңірде мұнай-газ саласын дамытуға үлес қосып отырған «СНПС-Айдан Мұнай» акционерлік қоғамының ұжымында кездесу өткізді.

Кездесуге «СНПС-Айдан Мұнай» акционерлік қоғамының вице-президенті Б.Нүрекеев пен 100-ден астам жұмысшысы қатысты. Облыстық еңбек бақылау басқармасы басшысының орынбасары Ө.Хасанов еңбек саласына қатысты заңдылықтар жөнінде айтып өтсе, «Қоғамдық келісім» мемлекеттік

мекемесі директорының орынбасары А.Жұмабаев Ұлт жоспары «100 нақты қадам» бес институционалдық реформасының 4-бағыты «Біртектілік пен бірлік» ұғымына айрықша тоқталып, кеңінен түсіндіріп берді.

Кәріс этномәдени бірлестігі төрайымының орынбасары В.Н.Шин, «Қазақстандағы орыс қауымдастығы» ҚБ облыстық филиалының директоры В.П.Толоконников, қырғыз этномәдени бірлестігінің төрағасы С.Жұбатқанов Ассамблеяның орны, этномәдени бірлестіктердің бірлік пен ынтымақты сақтаудағы ролі, еліміздегі достық пен бірлік ұғымдарын, Елбасы саясатын жастарға дұрыс түсіндіру, оларды қазақстандық патриоттыққа тәрбиелеу төңірегінде әңгімеледі.

Шара соңында жұмысшылар әсерлі кездесуге алғыстарын білдірді.

АЖ-ақпарат



Жеңіс тұғырында – тұңғыш қазақ

Астанада өтіп жатқан дзюдодан әлем чемпионатының алғашқы жарыс күнінде қазақ балуаны Елдос Сметов әлем чемпионы атанды. Елдос финалда өзінің отандасы әрі командаласы, ақтөбелік Рустам Ыбыраевтан басым түсті.

Еске сала кетейік, Қазақстан құрамасы 2009 жылдан бері алғаш рет дзюдодан әлемдік доданың алтынын алып тұр. Бұған дейін қазақстандықтар арасынан Максим Раков қана еліміздің әнұранын шырқатқан еді.

Осыған дейін әлем чемпионатының финалында екі қазақ балуанының белдесуі де тіркелмегенін атап өткен жөн.

Тараз қаласының тумасы Елдос 60 келідегі ұлттық құраманың үздігі. Және де, 2014 жылғы Азия ойындарында жеңімпаз атанған тұңғыш қазақ балуаны.



«Теңге ілуден», «Асау үйретуден» жарыс өтті

Астана қаласында «Нұр Отан» партиясының қолдауымен ҚР Ұлттық спорт түрлері қауымдастығы Конституцияның 20 жылдығы және Қазақстан халқы Ассамблеясының 20 жылдығы аясында «Теңге ілуден» І Ашық Азия чемпионаты мен «Асау үйретуден» республикалық турнир өткізді.

Ауқымды шараға Қытай, Моңғолия, Өзбекстан, Тәжікстан, Ресей, Қырғызстан, Түркия, Венгрия, Әзірбайжан республикаларының спортшылары қатысты.

«Теңге ілу» сайысында қазақстандықтар жеңімпаз атанды. І орынды Ғалымжан Ізжанов жеңіп алса, ІІ орынның иегері

- Әлихан Башембаев болды. ІІІ орын Моңғолиядан келген Хуатхан Авдалға, ал IV орын Түркия спортшысы Кизилгоз Аденге бұйырды. Еліміздің спорт тарихында тұңғыш рет өткізілген дүбірлі додаларға «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры демеуші болды.

«Асау үйрету» республикалық турнирі жүлдесіне Жеңісбек Манахайұлы (ОҚО) ие болса, екінші орынға моңғолиялық Жеңісбек Серікұлы лайық деп танылды. Жарыстың үздік үштігіне шығысқазақстандық Айбек Кеңшілік табан тіреді.

Чемпионаттың ашылу салтанатына «Нұр Отан» партиясының, Мәдениет және спорт министрлігінің лауазымды тұлғалары, «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қорының басшылары, Астана қаласы әкімдігі және Қазақстан халқы Ассамблеясының өкілдері қатысты.



ЖАТТЫҒУДА ЖАҢАРҒАН РЕКОРД

Ауыр атлетикадан екі дүркін Олимпиада чемпионы Илья Ильин өзінің Instagram әлеуметтік желісінде жаңа әлемдік рекорд жаңартқанын жазды. Қызылордалық ауыр атлеттің айтуынша жұлқа көтеру түрінен 250 келі салмақты бағындыра алған.

Естеріңізге сала кетейік, Ильиннің жұлқа көтеруден бұған дейін жаңартқан әлемдік рекорды 242 келіні құрайды. Бұл жеженің қазақстандық спортшыны әлем чемпионы еткені бәрімізге аян.



Зарина – үздік!

«Қазақстанның бірінші ракеткасы Зарина Дияс WTA рейтингінде Азияның үздік теннисшісі атанды», - деп хабарлады Vesti.kz.

Әйелдер теннис қауымдастығының жаңартылған рейтингінде 21 жастағы Зарина Дияс 34-ші орынға жайғасқан. Сонымен қатар, қытайлық теннисші Пэн Шуайдың 32-ші орыннан 38-ші орынға түсуіне байланысты, Дияс WTA рейтингінде Азияның бірінші ракеткасы атағына ие болды.

Жерлесіміз жүлделі оралды

Босния және Герцеговинаның Сараев қаласында әйелдер күресінен жасөспірімдер арасында өткен Әлем чемпионатында жерлесіміз, №1 облыстық олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің спортшысы Асылзат Сағымбай күміс жүлдегер атанды. Бұл оның халықаралық жарыстағы алғашқы жетістігі.

Ол 40 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсетіп, Қазақстан Республикасының спорт шебері нормативін орындады. Асылзат жарыс барысында 3 кездесу өткізіп, алғашқысында Белоруссия спортшысын 12:7

есебімен ұтса, екінші кездесуде жапондық қыздан басым түсіп, 3:1 есебімен таза жеңіске жетті. Алайда финалда Ресей спортшысынан ұтылып қалды.

Жас та болса өзінің еңбекқорлығының арқасында үлкен табыстарға қол жеткізіп келе жатқан Асылзатты білікті бапкер Жандос Бөрібеков жаттықтырады.

Айта кетейік, Қазақстаннан 9 спортшы барып, 3-еуі жүлделі оралды. Күміс жүлдені иеленген жерлесіміз Асылзат болса, Қостанай және Алматы облысының спортшылары қола жүлдеге қол жеткізді.



Бекман қарсыласына бет қаратпады

Қазақстандық боксшы Бекман Сойлыбаев кәсіби рингтегі алтыншы жеңіске қол жеткізді, деп хабарлады Vesti.kz. Оның қарсыласы америкалық боксшы Хосе Луис Арайза болды. 25 жастағы Сойлыбаев үшін бұл алты жекпе-жектегі алтын-

шы жеңісі болса, 36 жастағы қарсыласы Арайза 46 айкаста 14 рет жеңілген.

Айта кетейік, жерлесіміз 1 тамызда өткен кездесуінде мексикалық Серхил Нахерді небәрі 38 секундта есінен тандырған еді.

Меншік иесі – «Алаш жолы – XXI» ЖШС

Директор - бас редактор Нағымжан Сауяев Тілші - Рыскелді Жажман	Жекелеген авторлардың пікірі редакция көзқарасын білдірмейді, қолжазбалар қайтарылмайды. «Алаш жолы» газетінде жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті. Жарнама мәтіні мен мазмұнына редакция жауап бермейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеледі. «PRINT» баспасханасында (Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов, 49 үй) басылды. Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты. Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.	Басылым аптасына бір рет жарық көреді.
Газет 01.07.2014 жылы ҚР Байланыс және ақпарат агенттігінде тіркелген. Күәлік №14434-Г.	Редакцияның мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Жеңіс көшесі, 88, 3-қабат. Толық мәлімет алу үшін: 8 (7242) 23-12-98 телефонына хабарласуға болады.	Тапсырыс № Таралым 2000

■ e-mail: alash_zholy@mail.ru